

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

С.Қ. ӘЛІСЖАН Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: aliszhan@mail.ru)

ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақала Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ терминологиясының өзекті мәселелеріне арналады. Көптеген қазақ сөздерінің термин ретіндегі қолданысы қазақша ғылым тілінің қалыптасуына оң ықпал етіп отыр. Сонымен бірге қазақ тіліндегі термин қалыптастыру тәжірибесінде жаңа мәселелердің пайда болғандығын және оны шешудің қажеттігін алға шығарады. Мақалада қазақ терминологиясындағы өзгерістердің басты себептері, термин мәселесінің зерттелуі, термин қалыптастырудағы жаңа үрдістер сипатталады. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тілінде термин қалыптастырудың өзекті мәселелерін айқындай отырып, терминді жүйелеуде, біріздендіруде оң ықпал ете алатын жолдарды ғылыми жұртшылыққа ұсыну, таныстыру. Мақаланың ғылыми жаңалығы термин қалыптастыру тәжірибесіндегі жаңа үрдістерді айқындаудан көрінеді. Құзіреттілік, жарыспалылық, аудару (калька), терминологиядағы қиындық тәрізді мәселелер жаңаша қырынан қарастырылып, олардың қазақ терминологиясын жүйелеудегі орнын анықтайды. Қазақ тіліндегі термин қалыптастыру барысында негізгі деген ұстанымдарды айқындай білу, қазіргі тілдік ахуалдың даму сипатын ескере отырып, ұтымды тәсілдерді таба білу, оңтайлы көзқарастарды саралау тәрізді мәселелер қарастырылады.

Түйін сөздер: термин, қазақ терминологиясы, термин қалыптастыру, жарыспалылық, калькалау.

Кіріспе. Қазақ терминологиясы XX ғасырдың соңғы онжылдығында дамудың жаңа сапасына көтерілді десе болады. Бұл бұрынғы кеңестік тұста термин мәселесі мүлде зерттелмеді деген сөз емес. Кеңестік кезеңде де терминология қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде қарастырылды [1, 191], алайда дәл қазіргі кездегідей жан-жақты сипатта болмады. Кеңестік кезеңде терминологиялық лексиканың көп бөлігі – орыс тілі терминдері болса, қазіргі кезде – қазақ сөздері ғылым тілінде көп ұшырасады. Терминологиялық лексиканың осылайша «қазақылдануы» – қазақ терминологиясына көптеген жаңалықтар мен үрдістерді әкелді.

Біріншіден, Қазақстан Тәуелсіз алғалы терминологияға деген көзқарас өзгерді. Бұрынғы кеңестік кезеңнен қалып қойған постколониалдық теориялар өз күшін жоя бастады. Терминологияға тіл саясатының бірі ретінде мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінеді. Құзырлы мекемелердің қатысуымен әр жылдары терминге байланысты түрлі басқосулар ұйымдастырылып, олардың материалдары жинақ болып шығуда [2, 140]. 2002 жылдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені «Терминологиялық Хабаршы» жарық көруде [3]. Terminom.kz тәрізді электронды веб-парақшалардың пайда болуы осы үрдісті жаңадандыра түсті [4].

Екіншіден, қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық әлеует – Қазақстан ғылымының құрамдас бір бөлігі. Түрлі салалардағы жарияланып жатқан ғылыми, оқу-ғылыми еңбектер қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мүмкіншілігін танытатын тілдік көрсеткіштер және олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болады. Оларда қазақ сөзінің термин ретіндегі жаңа сапалық деңгейге көтерілуі көрініс тапты.

Үшіншіден, бұрын термин ғылым тілінің негізін құрайтын тілдік-ұғымдық бірлік есебінде филологтардың, ұзаса сала мамандарының айналысатын «меншікті тақырыбы» болатын, қазір сол ауқымнан шықты. Бұлай болуы заңды, өйткені бүгінгі таңда терминді айтпағанда ғылымның өзі тар сипатта түсінілмейді. Ғылымның бұқаралану үрдісі басымдық танытып отыр, ғылыми жетістіктер көпшіліктің қолжетімді дүниесіне айналды.

Осы аталғандар қазіргі қазақ терминологиясына жаңа леп, жаңа тыныс әкелді, оның зерттеу аясын кеңейте түсті. Термин қалыптастырудың бұрынғы тәсілдерін қайта қарай отырып, жаңғырту мәселесі қозғалды. Біз бұл мақалада қазақ терминологиясының дамуындағы осы жаңа үрдістерді назарға ала отырып, ғылыми пікірлер мен сөздердің терминдік сапаға көтеруінің кейбір мәселелерін талқылайтын боламыз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың әдіснамалық негізі термин жайындағы ғылыми әдебиеттерге негізделді. Әлем және қазақ ғалымдарының термин туралы ғылыми пікірлері, терминдерді қалыптастырудағы әдістемелері мақаланың әдіснамалық негізін құрайды. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ терминологиясының қарқынды дамуын ескерсек, термин тақырыбы жөнінде қазақ тіл білімінде едәуір ғылыми тәжірибе жинақталды [5; 6; 7]. Терминнің теориялық табиғатын түсінуде болсын, оны қалыптастырудағы практикалық мәселелерде болсын осы еңбектер ескерілді.

Мақалада келесідегідей лингвистикалық әдістер қолданылды: талдау, салыстыру, сипаттау, танымдық тұрғыдан баяндау әдістері. Кейбір сөздердің шығу төркінін анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттермен қоса түсіндірме сөздіктер, интернет желілеріндегі ақпарат пайдаланылды. Терминдердің жалпықолданыстағы сөздерден айырмашылықтары ескерілді.

Мақаланың тілдік материалдары соңғы 30 шақты жылдарда қолданысқа түскен терминдерді қолданыстар. Олар бұқаралық ақпарат құралдарынан (БАҚ), Termincom.kz сайтынан, Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені «Терминологиялық Хабаршы» жинағынан алынды.

Мақалада талдауға түскен тілдік материалдар (терминдер) кездейсоқ әдіспен жиналды. Мерзімі жағынан 90-шы жылдардан қазірге дейінгі уақытты қамтиды. Терминдерді талдау барысында термин сөз бен жалпы қолданыстағы сөздің ерекшеліктері ескерілді. Кез келген сөздің терминдік сапаға көтеріле алатындығы, ал терминдік дәрежеге ие болғаннан кейінгі жалпы қолданысқа қайта түсуі екіталай екендігі назарда болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ терминологиясы екі жақты өзгеріске ұшырады: теориялық және практикалық. Теориялық жағынан терминдерді ғылыми зерттеу қарқынды дамыды, әр сала терминдері бойынша диссертациялар қорғалды. Мұндай еңбектер қазақ терминологиясын теориялық жағынан байытты. Ал көптеген қазақ сөздерінің термин ретінде қолданылып, ғылым тіліне жолдама алуы практикалық мәселелерді туындатты. Терминнің жасалу жолын қайта қарау қажеттігі туды. Бұрынғы кеңестік кезіндегі термин жасау принциптері толыққанды болмай шықты, оларды әр сала бойынша пайда болып жатқан термин сөздердің қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, толықтыру, қайта қарау мәселесі туындады.

Мақала материалдарын талдауда, жинауда осындай жаңа бағыттар ескерілді.

Талқылау мен бақылау. Тәуелсіздік алғаннан кейін тіл білімінің басқа салалары сияқты қазақ терминологиясы да даму сипатын өзгерте бастады. Қазіргі цифрлық кезең бұл үдерісті тіпті тездетті, жасанды интеллект, IT технологиялары терминдердің пайда болуын көбейтіп қана қоймай, оқыту саласындағы қарқынды қолданысын тудырды [8]. Қазақ тілінде термин қалыптастырудың түрлі жолдары пайда болып, бұрын қарастырылмаған өзекті мәселелері ғылыми жұртшылықтың алдынан шықты.

Мақалада термин қалыптастыру тәжірибесінде жаңа үрдістер ретінде күзиреттілік, жарыспалылық, калькалау, терминологиялық қиындық мәселелері талдау нысанына алынды.

Термин мәселесінің қазіргі қоғамдағы өзекті тақырыпқа айналуының бір ұшы күзиреттілікте жатыр. Бүгінгі күні термин ғылым тілінің негізін құрайтын тілдік-ұғымдық

бірлік есебінде филологтардың, ұзаса сала мамандарының айналысатын «меншікті тақырыбы» дейтін түсініктен шықты. Олай болу себебі, бүгінгі таңда терминді айтпағанда ғылымның өзі тар сипатта түсінілмейді. Ғылымның бұқаралану үрдісі басымдық танытып отыр, ғылыми жетістіктер көпшіліктің қолжетімді дүниесіне айналды. Ғылым мен баспасөздің бір-бірімен байланыста дамуы, ғылыми қызметті, танымды неғұрлым түсінікті тілмен жеткізу, керек десеңіз, ғылымды насихаттаудың публицистикалық формалары белең алды.

Бұл айтылған мәселелер терминге қатысты талқылаулардың, пікірталастың ауанын өзгертті, оның қалыптасуындағы жалпы бұқараның «үнін» көрсетті.

Термин қалыптастыру барысында кәсіби-тілдік құзіреттілік үлкен рөл атқарады. «Терминнің иесі, ең әуелі – маман» дегенде осындай жоғары құзіреттілікке ие мамандар жайында әңгіме болатындығы түсінікті. Кәсіби-тілдік құзіреттілік – термин қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын, терминнің оған қойылатын талаптарға сай қолданысқа түсуде тиімділігімен көрінетін біліктіліктің түрі. Құзіреттіліктің мұндай түрінде субъективизм аз көрінеді.

Қазақ тілінде терминдерді бекітумен айналысатын арнайы құрылым Терминком өз жұмыстарына сала мамандарын қатыстыратын жақсы дәстүрді дұрыс алып жүр. Мамандар мен сөз зергерлерінің ынтымақтастығы әрқашан маңызды, мамандардың пікіріне құлақ түруіміз өзінің жақсы нәтижесін берері сөзсіз.

Термин қалыптастыру тәжірибесінде мамандар тарапынан болсын, тілдік ахуалды жақсы түсінетін филологтар тарапынан болсын бұл игі істің жалғасын табатындығына сенгіміз келеді. Кейінгі жылдарда көптеген сөздердің ғылым әлеміне жолдама алып, бірізді қолданысқа ие болуы – осындай ынтымақтастықтың нәтижесі деп қарауға болады. Көптеген қазақ сөздері терминдік ұғым ретінде өз тұғырын айқындады, мысалы: қаптал, алаңсырт, кермесеріппе (спорт саласы), саптал (әскери) тәрізді терминдерді атауға болады. Әр сала бойынша бірізге түспей, ала-құла қолданылатын атаулар мағынасы жағынан нақтыланып, жүйеленді: жолақ – полоса, белдеу – пояс, алтыатар – наган, отшашу – огномет («салют» емес), торап – узел, желі – сеть т.т.

Қазақ тілінде байырғы сөздердің термин қатарына көптеп тартылуы кейінгі уақытта төл сөздеріміздің өзіндегі жарыспалылықты көрсете бастады (ұшақ – самғауыр, көші-қон – келім-кетім тәрізді), бұл терминологиядағы жүйесіздікті арттыратын теріс ықпалды көрсетеді. Осы орайда қазіргі кезде бір ғана нұсқасын қалдыратын оң бағыт бар. Терминологияны біріздендіру, стандарттау туралы әңгіме болып жатқанда, жарыспалылықты негізсіз жалғастыра беру дұрыс емес. Терминге балама іздеу барысында сөзбе-сөз аударма таңдалатындығы белгілі. Бұл термин қалыптастыру ісінде әу бастан пайдаланылып келе жатқан амал. Кейде біз аударма ұғымдардан құтыламыз дей отырып, терминнің бастапқы ұғымдық мағынасынан алшақтауға тап болатынымыз байқалады. Егер терминологияда ұғым мағынасының тура және дәл болатындығын ескерсек, калькалаудың да кейбір реттерде ұғымның мәнін дәл беруге септесе алатындығын мойындауға тура келеді. Біздің калькалау үрдісін толығымен жақтайық деген ниетіміз жоқ, бар болғаны термин қалыптастырудың бір тәсілі ретінде оның өмір сүруге хақы бар екендігін айтқымыз келеді. Кезінде «қазақ терминологиясының атасы» А.Байтұрсынұлы да бұл тәсілді ұтымды пайдалана білген [9, 21].

Мысалы, қазақ тілінде алғашқы, бастапқы, кейінгі, туынды сөздерінің терминдік ұғым ретінде қолданылатын тұстары көп. Алғашқы әдетте «первообразный» анықтауышының баламасы (первообразное состояние – алғашқы күй), бастапқы «исходный», «первоначальный» (исходное сырьё – бастапқы шикізат, исходное положение – бастапқы қалып тәрізді) сөздерінің баламасы болып қолданылады.

Бұл сөздердің жарыспалылық түзіп, қатар пайдаланылып жүрген тұстары да жоқ емес. Жоғарыда келтіргендей, жөнсіз жарыспалылықтан арылу қажет, ол үшін нақты мағыналарды келтірілген сөздердің әрқайсысына бекітіп, оны қатаң сақтау қажет. Осы сияқты пікірді кейінгі, туынды сөздеріне қатысты да айтуға болады: кейінгі орыс

тіліндегі «пост», «после» сыңарларымен келетін ұғымдар үшін оңтайлы (кейінгі тестілеу – посттестирование, кейінгі кепіл – последующий залог), ал туынды сөзінің «производный»-дың нұсқасы екендігі ежелден белгілі. Аудару барысында аталған ұғымдарды бір-бірімен алмастыру тілде ғана емес, мамандардың қолдануы үшін де екіұдайылық туғызып, шатастырады.

Қазақ терминологиясында соңғы кездерде «терминологиялық қиындық» ұғымы туралы айтылып жүр. Қазақ сөздерінің қарқынды түрде терминдік мағынаға ие болып, терминологиялық лексика қатарына өтуін кейбір зиялы қауым өкілдері қиындыққа жатқызады. Терминологиялық қиындық әлемдік тәжірибеде біздегіден басқаша бағаланады және сол дұрыс екендігін атап өтеміз. Мақаланың келесі бөлімінде осы мәселеге қатысты өз пікірімізді баяндағандықтан, бұл жерде тек мынадай қорытындыны келтірумен шектелеміз.

Төл нұсқадағы терминдер ешқандай қиындық тудыра алмайды, қайта керісінше, термин қалыптастыру тәжірибесінде ұтымды жол ретінде көрінеді. Төл нұсқадағы баламаны қалыптастыру сөздің мағынасына үңілу, анықтама беру тәрізді ізденіске, тәжірибеге негізделе отырып, ана тілінде сөйлейтін мамандардың кәсіби түйсігі мен танымын дамытады. Мамандардың тіл мен ұғым мазмұнының арасындағы бір-бірімен ұласатын екеуаралық негізді қалыптастыру тәжірибесі орнығады, ғылыми сана сөйлеушілерде ана тілінде дамиды.

Сонымен, қазіргі қоғамдағы тілдік ахуалды сөз еткенде, термин мәселесі көпшіліктің назарын жиі аударады. Термин тақырыбына дүркін-дүркін конференциялар, семинарлар, басқа да мазмұндағы іс-шаралар ұйымдастырылып, бұқараның талқылауына ұсынылады. Termincom.kz тәрізді электронды веб-парақшалардың пайда болуы осы үрдісті жандандырды. Терминді біріздендіру шаралары мұнымен тоқталмақ емес, алдағы уақытта назар аударатын толғақты мәселелер де жоқ емес. Олардың қатарына жарыспалылық, аударма, балама іздеу үдерісі, қосымшалардың мағынасы т.т. көптеген шешімін табуға тиісті мәселелер жатады. Терминдерге берілетін анықтамалардың да сипаты тың тақырып ретінде зерттеушілердің назарын аударып жүр [10, 21].

Біз бұл мақалада, жоғарыда келтіргендей, қазақ терминологиясындағы жаңа үрдістерді келесі мәселелер төңірегінде қарастырдық, олар: құзіреттілік, терминологиядағы жарыспалылық, калькалау тәсілі және терминологиялық қиындық. Аталған мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталамыз. Біздің ойымызша, бұл мәселелер қазіргі қазақ терминологиясындағы жаңару сипатын толық көрсете алады, көптеген пробелмалар мен терминдерді біріздендірудегі қайшылықтар аталған мәселелерді дұрыс түсінбеуден немесе бұрмалаудан пайда болып жатыр.

Нәтижелер. Терминге қатысты қазіргі талқылаулар, пікірталас жаппай қоғамдық сипатқа көшті. Мамандар мен филологтар ғана емес, қоғамның кез келген мүшесі белгілі бір термин жайында өз пікірін жеткізе алады. Бұл термин қалыптасуындағы мамандардың ғана емес, жалпы бұқараның «үнін» көрсетті. Бұл үрдісті қалай бағалауға болады? Жағымды ма, әлде керісінше ме? Осының ара жігін ажырату үшін құзіреттілік мәселесі туындады.

Проф. Н.Уәлиұлы үш түрлі құзіреттілікті көрсетеді: 1) біліктілік құзіреті (жоғары білікті маман ретіндегі құзіреті); 2) тілдік құзіреті (ана тілін тиісті деңгейде білуі); 3) лингвистикалық құзіреті (әдеби тіл нормалары, тілдің негізгі даму үрдістері жөнінде тиісті деңгейде лингвистикалық біліктілігінің болуы) [11, 35].

Бұл құзіреттілік түрлері расында да термин қалыптастыру барысында үлкен рөл атқарады. Біз өз тарапымыздан соңғы құзіреттілікті «кәсіби-тілдік» құзіреттілік санатына біріктірсе де болады деген ойдамыз. Өйткені кәсіби-тілдік құзіреттіліктің жетіспегендігінен бе, кейде кәсіби маман танымы мен жақсы, үздік деген аудармашыларымыздың пікірі екіге жарылып жатады. Маман сол ұғымның саладағы қолданылу тәжірибесінен, ұғым ретінде қандай мағынамен қолданылатындығынан шығып жатса, аудармашы терминнің қазақша баламасының қаншалықты жатық, көрер көзге қаншалықты «сүйкімді» екендігіне баса назар аударады. Маман бірінші орынға белгілі бір терминнің ұғымдық мазмұнын, сол

саладағы қолданылу тәжірибесін қояды, ал тіл мамандары (аудармашы, сөз зергерлері) терминнің жатықтығына, тілге қаншалықты сіңісетіндігіне қарап баға береді. Мысал келтірер болсақ, лингвистикада функционалдық бағыттың пайда болуымен орысша «высказывание» ұғымы қалыптасқан, оны қазақшалап қазір «сөйленім» деп алып жүр. Ертеректе шыққан сөздікте «высказывание»-нің қазақшасы айтылыс [12], алайда соңғы жиырма шақты жылда жазылған диссертацияларда, монографияларда «сөйленім», ара-тұра «сөйлесім» (соңғысы оқу әрекетінің бір түрі ретінде де қолданылады, оқылым, тыңдалым тәрізді) атауларымен қолданылады.

Біздіңайтайықдегеніміз,аудармашыларРеспубликалықтерминологиякомиссиясының IV отырысында (2021 ж.) «Әдебиет және лингвистика саласының терминдерін» бекіту барысында «высказывание»-нің қазақшасы ретінде «пікір» сөзіне тоқталды, ал саладағы (лингвистика) «сөйленім» сөзінің ұғым ретіндегі қолданыс тәжірибесін ескермеді. Өйткені маман еместер үшін «сөйленім» – «құлаққа бір түрлі естіледі», тікелей аударма, калька. Бұл үшін, әрине, қазіргі Терминком мүшелеріне кінә артайық деген ойдан аулақпыз, бұл жерде мәселе, кәсіби құзіреттілікке келіп тірелетіндігі шындық. Мұндай мысалдар басқа да салалық терминдерді талқылау барысында кездесіп жатады. Кәсіби-тілдік біліктіліктің барлығында бірдей болмауы табиғи, өйткені олар сала маманы емес, ал мамандар үшін сөздің ұғым ретіндегі қолданысы қымбат.

Жарыспалылық. Жаңадан пайда болып жатқан терминдік ұғымдар тілге бірден сіңісіп кетпейтіндігі аян. Түпкілікті қолданысқа ие болу үшін ондай терминдер шартты түрде алғанда үш кезеңді басынан кешіреді. Ұсынылу кезеңі, я алғашқы кезең, екінші кезең – жарыспалылық (бұрыннан қолданылып келе жатқан сөз бен ұсынылған баламаның қатар қолданылуы), үшінші кезең – ұсынылған баламаның тиянақты қолданылу кезеңі. 90-жылдардан бергі пайда болған баламаларды қарап отырсақ, осы үш кезеңнен өткендігін байқаймыз. Бүгінгі күні қолданылатын мәтін, әдіс, әдістеме, сынып, ұшақ, нарық т.б. көптеген сөздердің қалыптасу тәжірибесі бізге осыны көрсетеді.

Әрине, балама сөздердің барлығына аталған үш кезең тән деп айтуға болмайды, біріншісінен аспай қалған (тіл иелмендері қабылдамаған) сөздер де (мысалы, автор – өзіе, абориген – түбелік), екінші кезеңге тән жарыспалы қатарлар да, сол сияқты жоғарыда келтіргендей тұрақты қолданысқа көшкен сәтті атаулар да баршылық.

Осының ішінде «ескі мен жаңаның» күресіндей болған жарыспалылық ерекше көзге түседі. Кеңестік тұста, 90-жылдардың бас шенінде терминдердің жарысып қолданылуы әдеткі құбылыс саналатын көзқарастар да болды. Жарыспалылық негізінен шеттілдік сөз бен қазақ сөзінің қатар қолданылуы арқылы сипатталатын: агония – жанталас, абсорбция – сіңірілу, сіңіру, аддитивтілік – бірдейлік және т.б. Осындай қатардағы қазақ сөздері кейде жалпы тіл үшін, бұқара үшін терминдік ұғымды неғұрлым қарапайым, түсінікті етіп беретін көз ретінде қарастырылды. Ғылыми ұғымның төл нұсқасын публицистер, БАҚ пайдаланатын және бұл баспасөз контекстінде жақсы үйлесіп, оғаштығы байқалмай кететін. Жарыса қолданыла келіп, қазақшасының орныққан мысалдары да көп, еске түсірсек, финанс – қаржы, рынок – нарық.

Калькалау. Терминге балама іздеу барысында калькалау таңдалатындығы бар. Калькалау – термин қалыптастыру ісінде әу бастан пайдаланылып келе жатқан амал. Алайда соңғы онжылдықтарда калька сөздермен бітіспес күрес жариялаған үрдіс пайда болды, «Калькасыз қазақ тілі» дейтін қозғалыс та әлеуметтік желіде ауық-ауық көрініс беріп қалады.

Рас, тілде жатық, сөз саптау нормаларына лайық баламаларға ештеңе жетпейді, ондай сәтті сөздер табылып жатса жұртшылық қуана қабылдайтыны сөзсіз. Алайда сондай баламалардың әр уақытта кездесе бермейтіндігі де шындық. Әсіресе арнайы кәсіби салаға келгенде мамандардың осы калькалау тәсіліне жүгінетіндігі бар. Белгілі бір салаға тән тар мағыналы терминдерді қазақшалауда калькалау көмекке келетіндігі белгілі.

Көптеген әріптестеріміз «первичность» – біріншілік, «вторичность» – екіншілік («үшіншілік» және одан әрі санамау тілде кездеспейді) деп аударуға қарсы, себебі олар

калька, одан гөрі «первичность» сөзінің орнына «алғашқы», «бастапқы», ал «вторичность» -тің баламасы ретінде «кейінгі», «туынды» деп алғанды қалайды. Аталған сөздер кездеспейтін салаларды табу қиын, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымында осы сөздер арқылы берілетін ұғымдар өте көп. Тіл білімінің өзінде бұл ұғымдар кездеседі:

Сөз жасауға негіз болған түбір сөзді — себепші мағына деп атайды және оның семантикалық мағынасы **біріншілік** (қарамен ерекшелеген біз – С.Ә.) мағына деп аталады. Ал одан түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы туындаған туынды сөздің мағынасы **екіншілік** мағына болып табылады (Мақаладан).

Біз бұл жерде біріншілік пен екіншілікті «алғашқы», я болмаса «туынды» деген сөздермен алмастыра алмас едік, өйткені тіл білімінде, соның ішінде лексикологияда сөз мағынасының түрлері әр типке ажыратылады, алғашқы мағына да, туынды мағына да солардың арасында кездеседі, мамандар оларды қайталамас үшін, мағына түрін санамалау барысында біріншілік пен екіншілікті қолданады.

Біріншілік пен екіншілік қатысқан ұғымдар басқа салаларда да бар: біріншілік синтездің заттары, екіншілік синтездің заттары (фармацевтика, химия). Осыған қатысты алғашқы немесе бастапқы синтездің заттары; ілеспе, қайталама, екінші синтездің заттары деп атайтын ұсыныстар бар. Ал осы сала мамандарына келсек, олай атауға қарсы. Себебін былай түсіндіреді:

Бірінші реттік синтез заттары болады, ол ілеспе немесе алғашқысы емес, олар ассимиляция процесі кезінде, яғни сырттан келетін заттарды дененің өз заттарына айналдыруы процесінде қалыптасады, оларға: амин қышқылдары, ақуыздар, көмірсулар, липидтер, дәрумендер, органикалық қышқылдар, ферменттер жатады.

Тура осындай пікірді «екінші реттік синтез заттарына» қатысты айтады: алкалоидтар, гликозидтер, илік заттар, фенолды заттар (катехиндер, флавоңдар, антоцианиндер), эфир майлары және өсімдік шайырлары – екіншілік синтездің заттары.

Терминологиялық қиындық. Терминдік лексикадағы осындай екіұдайылық жағдайды кейбір әріптестеріміз «терминологияны жөнсіз қиындату» деп түсінеді. Бұл қиындық емес, бұл термин қалыптастыру тәжірибелері дер едік, тәжірибе болғаннан кейін реттеу, іріктеу, сұрыптау, таңдау әрекеттері міндетті түрде қатысады. Термин қалыптастыру саналы үдеріс болғандықтан, оған қатысы бар мамандардың, тіл білгірлерінің кеңесуі, талқылауы арқылы шешімін табады, тауып та жатыр. Ал терминологияны қиындату мәселесі бізде керісінше түсіндіріліп жүр, халықаралық тәжірибеде терминологияны қиындату кірме терминдерге қатысты айтылса, бізде төл сөздерге байланысты жұмсалады.

Орыс тілі терминологиясының білгірі Д.С. Лотте кезінде «Большой недостаток – излишняя загруженность терминология иноязычными элементами» деп атап көрсеткен [13, 4]. Автор тілдегі бөгде элементтерді қиындату деп түсінеді. Осы тәріздес түсінікті еуропалық ғалымдардың көзқарастарынан да аңғаруға болады. Олар керісінше байырғы, төл сөздердің терминдік сапада қолданылуын жоғары бағалайды.

Француз лингвисті Клод Ажеж бір кезде латын тілі дін, саясат, дипломатия мен ғылымға ортақ бірыңғай тіл болғандығын және латын тілінің жаңа жағдайға бейімделе алмағандығымен аяқталғандығын айтады. Оны ұлт тілдерімен алмастыру ойлауды тазартып, адамның шығармашылық мүмкіндігіне жаңа энергия үстемелеуімен белгілі дейді [14, 130].

Қорытынды. Мақалада қазақ терминологиясын жүйелеудегі күзiреттiлiк, жарыспалылық, аудару (калька), терминологиядағы қиындық тәрізді мәселелер қарастырылды. Кәсіби-тілдік күзiреттiлiк – термин қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын, терминнің оған қойылатын талаптарға сай қолданысқа түсуде тиімділігімен көрінетін біліктіліктің түрі деп санаймыз. Егер терминологияда ұғым мағынасының тура және дәл болатындығын ескерсек, калькалаудың да кейбір реттерде ұғымның мәнін дәл беруге септесе алатындығымен санасқан жөн. Соңғы уақытта жиі айтылатын «терминологиялық қиындықты» әлемдік тәжірибеде біздегіден басқаша түсіндіреді және сол дұрыс деп санаймыз. Біздің ойымызша, төл нұсқадағы терминдер қиындық тудыра

алмайды, қайта керісінше, термин қалыптастыру тәжірибесінде ұтымды жол ретінде көрінеді.

Қорыта келгенде, термин қалыптастыру тәжірибесі ұдайы жүріп отыратын кәсіби-тілдік үдеріс. Оған сала және тіл мамандары ат салысады. Осы үдерісте басты, негізгі деген ұстанымдарды айқындай білу, қазіргі тілдік ахуалдың даму сипатын ескере отырып, ұтымды тәсілдерді таба білу, оңтайлы көзқарастарды саралау тәрізді шаралар аса маңызды. Бұл мұндай мазмұндағы зерттеулердің перспективасын, әлі де жалғаса беретіндігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.
2. Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары. Жинақ. – Астана: Мастер, 2003. – 140 б.
3. Қазақ тілі саласындағы жаңалықтар, мақалалар және конкурстар порталы // <https://tilalemi.kz/tartu/6>
4. Насыритдинова Ө. Техникалық терминжасамдағы сөз таптарының орны // <https://termincom.kz/>
5. Сыздық Р., Байтұрсынұлы А. және терминология мәселелері // <https://tilalemi.kz/viewer/viewer.php?file=/books/8005.pdf>
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.
7. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері (математика саласы негізінде). – Алматы: Ғылым, 1996. – 426 б.
8. Adilbaeva U., Mussanova G., A., Mombekova N., B., Suttibaev N., A. Digital Communication Technology for Teaching a Foreign Language and Culture through Reading // International Journal of Society, Culture & Language, 2022, Volume 10, Issue 3. – Б. 21-30.
9. Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаушы // Терминологиялық Хабаршы, №2 (61), 2021, – Б. 17-24.
10. Досмаилова А.Н. Терминологиялық дефиницияның логикалық-когнитивтік сипаты // Еуразия гуманитарлық институты ХАБАРШЫСЫ, 20022, №1, – Б. 21-29.
11. Уәлиұлы Н. Терминология және тілдік норма // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері (республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). – Астана, Принт 2004, – Б. 34-46.
12. Кеңесбаев С., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 211 б.
13. Лотте С.Д. Как работать над терминологией. Основы и методы. – М.: АН СССР, 1968. – 76 б.
14. Hagege Cl. Contre la pensee unique. – P.: Odile Jacob, 2012, – Б. 130-131.

С.К. АЛИСЖАН

Назарбаев Университет, Астана, Қазақстан

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Статья посвящена актуальным вопросам казахской терминологии после обретения независимости страны. Использование казахских слов в качестве терминов оказывает положительное влияние на формирование казахской научной речи. Тем не менее выявляются новые проблемы в практике терминологии в казахском языке и необходимость их решения. В статье описываются основные причины изменений в казахской терминологии, рассматриваются проблемы и новые тенденции в современном

терминообразовании. Основная цель статьи – представить научной общественности пути, которые могут оказать положительное влияние на систематизацию и унификацию термина, проясняя актуальные проблемы терминообразования в казахском языке. Научная новизна статьи выражается в выявлении новых тенденций в практике терминообразования. С новой точки зрения рассматриваются такие вопросы, как компетентность, вариантность терминов, калькирование, сложности в терминологии и определение их место в систематизации казахской терминологии. В статье также рассматриваются умение определять основные положения в процессе формирования термина в современном языке, находить рациональные подходы с учетом характера развития текущей языковой ситуации и выявлять оптимальность взглядов.

Ключевые слова: термин, казахская терминология, терминообразование, вариантность, калькирование.

S.K. ALISZHAN

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

CURRENT ISSUES OF TERM FORMATION IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

Annotation. The article is devoted to the current issues of Kazakh Terminology formation after the country gained independence. The use of Kazakh words as terms has a positive effect on the formation of Kazakh scientific speech. Nevertheless, new problems in the practice of terminology formation in the Kazakh Language and the need to solve them are revealed. The article describes the main reasons for changes in Kazakh Terminology, considers the problems of the term and new trends in modern terminology. The main goal of the article is to present to the scientific community the ways that can have a positive impact on the systematization and unification of the term, clarifying the current problems of terminology in the Kazakh Language. The scientific novelty of the article is expressed in the identification of new trends in the practice of terminology. From a new point of view, such issues as competence, variability of terms, translation, difficulties in terminology and determining their place in the systematization of Kazakh Terminology are considered. The article also considers the ability to determine the main provisions in the process of term formation in the modern Language, find rational approaches taking into account the nature of the development of the current Language situation and identify the optimality of views.

Keywords: term, Kazakh Terminology, term formation, variance of the term, translation

References:

1. Aitbaev Ö. Qazaq terminologiasynyñ damuy men qalyptasuy. – Almaty: Ćylym, 1988. – 208 b.
2. Salalyq terminologia: bñgını men bolařağy. Respublikalyq ģylymi-praktikalyq seminarıdyñ materialdary. Jinaq. – Astana: Master, 2003. – 140 b.
3. Qazaq tılı salasyndağy jañalyqtar, maqalalar jäne konkurstar portaly: <https://tilalemi.kz/tartu/6>
4. Nasyritdinova Ä. Tehnikalyq terminjasamdağy söz taptarynyñ orny // <https://termincom.kz/>
5. Syzdyq R. A. Baitürsynüly jäne terminologia mäseleleri // <https://tilalemi.kz/viewer/viewer.php?file=/books/8005.pdf>
6. Qürmanbaiüly Ş. Qazaq terminologiasy: zertteuler, oqulyq, sözdık, bibliografıa. – Almaty, Sardar, 2014. – 952 b.
7. Bilälov Ş. Ülttyq ģylym tılın qalyptastyrudıyñ özekti mäseleleri (matematika salasy negızinde). – Almaty: Ćylym, 1996. – 426 b.
8. Adilbaeva U., Mussanova G., A., Mombekova N., B., Suttibaev N., A. Digital Communication Technology for Teaching a Foreign Language and Culture through Reading // International Journal of Society, Culture & Language, 2022, Volume 10, Issue 3. – B. 21-30.
9. Qürmanbaiüly Ş. Ahmet Baitürsynüly qazaq terminologiasynyñ negızın qalaşy // Terminologialyq Habarşy, №2 (61), 2021, 17-24 bb.

10. Dosmailova A.N. Terminologialyq definisianyń logikalyq-kognitivtik sipaty // Eurazia gumanitarlyq instituty HABARŞYSY, 20022, №1, 21-29 bb.
11. Uäliüly N. Terminologia jäne tildik norma // Terminologia jäne til mädenietniń mäseleleri (respublikalyq ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). – Astana: Print, 2004, 34-46 bb.
12. Кеңесбаев С., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 211 б.
13. Lotte S.D. Kak rabotät nad terminologiei. Osnovy i metody. – М.: AN SSSR, 1968. – 76 б.
14. Hagege Cl. Contre la pensee unique. – P.: Odile Jacob, 2012, 130-131 bb.

Автор туралы мәлімет:

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы – филология ғылымдарының докторы, Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Алісжан Сарқыт Қалымович – доктор филологических наук, ассоциированный профессор Назарбаев университета, Астана, Казахстан.

Aliszhan Sarkyt Kalymovich – Doctor of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.